- Егер аша немесе кабель зақымдалған болса, ол қауіпсіздік мақсатында қауіптің алдын алу үшін Kenwood немесе өкілетті Kenwood жөндеушісі тарапынан ауыстырылуы керек.
- Жылдамдықты басқару тетігін «О» (ӨШІРУ) күйіне бұрап, розеткадан ажыратыңыз:
 - жетек ұяшығының қақпақтарын/құралдарын/бекітпелерін орнатпас немесе алмас бұрын;
 - пайдаланғаннан кейін немесе пайдаланылмаған кезде;
 - тазаламас бұрын.
- **Құрылғыны үзіліссіз төменде көрсетілген уақыттан асыра пайдалануға болмайды. Ұзақ уақыт үздіксіз пайдалану құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.**

Функция/ Саптама	Максималды жұмыс уақыты	Жұмыстар арасындағы үзіліс мерзімі
Қамыр илегіш	8 мин	Құрылғыны ажыратып, 15 минут суытып алыңыз
Блендер	60 с	
Ұнтағыш	30 с	
Тартқыш	10 мин	

- Саусақтарыңызды қозғалмалы бөлшектерден және бекітілген қондырғылардан аулақ ұстаңыз. Ешқашан қолдарыңызды/саусақтарыңызды шарнирлі механизмге салмаңыз.
- Асүй комбайнын жұмыс істеп тұрған кезінде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Зақымдалған аспапты ешқашан қолданбаңыз. Оны тексеріп, жөндеуге жіберіңіз: 'Қызмет

көрсету және тұтынушыларға кеңес' бөлімін қараңыз.

- Ешқашан сымды балалардың қолы жететін жерге салбыратып қоймаңыз.
- Ешқашан қуат бөлігін, сымды немесе ашаны су қылмаңыз.
- Жетек ұяшықтары жұмыс істеп тұрған кезде, табақ құралдары орнатылмауын немесе табақ ішінде қалмауын тексеріңіз.
- Ешқашан рұқсат етілмеген бекітпені немесе бір уақытта бірнеше бекітпені пайдаланбаңыз.
- Ұсынылған пайдалану кестесінде көрсетілген мөлшерден асырмаңыз.
- Құрылғыны көтерген кезде абай болыңыз. Көтермес бұрын, бастиегінің төменгі күйде дұрыс бекітілуін және табағы, құралдары, ұяшық қақпақтары мен сымы бекітілгенін тексеріңіз.
- Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.
- Бекітпе орнатылған миксер басын қозғамаңыз немесе көтермеңіз, асүй комбайны дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Құрылғыны жұмыс істейтін беттің шетінде пайдалануға болмайды.
- Бұл құрал олардың құралды қауіпсіз қолдануы туралы нұсқау берілсе немесе басқа адамның бақылауында болса және олардың туындауы мүмкін қауіп туралы түсінігі болса, білімі немесе тәжірибесі жеткіліксіз немесе физикалық, сезу немесе ойлау қабілеті нашар адамдар қолдануға арналған.
- Құралды дұрыс қолданбау нәтижесінде зақым келуі мүмкін.
- Бұл құралды балалар қолданбау керек. Құрал мен оның сымын балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Құрылғыны тек үй шаруасына байланысты қолданыңыз. Егер құрылғы өз міндетіне сай мақсатта қолданылмаса немесе берілген нұсқаулықты дұрыс сақтамаған жағдайда Kenwood компаниясы ешқандай жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Бекітпелердің жалпы қауіпсіздігі

- **Асүй комбайнына немесе блендерге ыстық сұйықтық құйылса, абай болыңыз, кенеттен буланып кетсе, сыртқа қарай шашырап төгілуі мүмкін.**
- Қуат көзіне қосулы кезде, қолыңызды және керек-жарақтарды блендер және турағыш табағынан аулақ ұстаңыз.
- Бекітпелер дұрыс орнатылмаса, құрылғы дұрыс жұмыс істемейді.
- Пластик бөлшектерді зақымдауы мүмкін болғандықтан, дәмдеуіштерді өңдемеген жөн.
- Номиналды қуат шағын ұсақтағыш/Ұнтағыш саптамасына негізделген. Басқа саптамалар азырақ қуат тұтынуы мүмкін.
- Бекітпені пайдалану кезінде артық діріл тудырса, жылдамдықты азайтыңыз немесе комбайнды тоқтатып, табақ ішіндегі затты азайтыңыз.
- Құлыптау механизміне артық күш түскен кезде, бекітпелер **зақымдалуы** және жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- **Ыстық өнімдерді өңдеуге БОЛМАЙДЫ.**
- **КҮЙІК ШАЛУ ҚАУПІ:** Ыстық өнімдерді комбайн табағына, ұнтағышқа немесе турағыш ыдысына салмас бұрын не араластыру алдында бөлме температурасына дейін салқындату керек.

Блендер саптамасы

- Блендер ыдысын орнатпай, пышақ блогын қуат көзіне қосуға болмайды.
- **АТ282 үшін маңызды** - блендер ыдысының етегі жасалу кезіне орнатылған және оны алуға әрекет жасамаңыз.
- Блендерді қақпағы жабық күйде ғана пайдаланыңыз.
- Блендер ыдысын тек пышақ жинағымен пайдаланыңыз.
- Блендерді бос күйде қоспаңыз.
- Смузи рецептілері – қатыру кезінде қатты масса түзеген өнімдерді араластырмаңыз; ыдысқа салмас бұрын ұсақтаңыз.

- Қалампыр, аскөк және тмин дәндері сияқты дәмдеуіштерді ұнтақтамаңыз, пластик бөлшектерге зақым келтіруі мүмкін.
- Блендерді сақтауға арналған ыдыс ретінде пайдаланбаңыз. Пайдалану алдында және пайдаланғаннан кейін бос күйінде сақтаңыз.
- Ыдыста белгіленген максималды шамадан артық зат араластырмаңыз, ал сүт коктейлі сияқты көпіретін сұйықтықтар үшін белгіден төмен құйыңыз.

Турағыш

- Пышақ жүзі мен кескіш дискілер өте өткір, абайлап пайдаланыңыз. **Пайдалану және тазалау кезінде кескіш жүзден аулақ, жоғарғы жағындағы тұтқасынан ұстаңыз.**
- **Турау/ұсақтау кезінде ыдысты кескіш дискіге дейін толтырмай, жүйелі түрде босатып отырыңыз.**
- **Ыдысты «МАКС» мөлшер шамасынан асырмаңыз.**
- Ыдыстағы өнімді алмас бұрын, пышақ жүзін алып тастаңыз.
- Өнімді өткізгіш түтікке қолмен салмаңыз. Бірге берілген итергішті пайдаланыңыз.
- Турағыш ыдысының қақпағын ашпас бұрын, оны өшіріп, пышағы немесе кескіш дискілері толықтай тоқтағанша күтіңіз.
- Турағышты қосу үшін қақпақты емес, жылдамдықты басқару тетігін қолданыңыз.

Тартқыш

- Етті тартқыштан өткізбес бұрын, сүйек, тері т. б. алынғанын тексеріңіз.
- Тартқыштан жаңғақты өткізген кезде, бір салғанда аз ғана мөлшерін айналдырыңыз және бұрама өнімді жоғарыға көтергеннен кейін үстіне үстемелеп қосыңыз.
- Бірге берілген тартқыш итергішін пайдаланыңыз. Өткізгіш түтікке қолыңызды немесе ыдысты салмаңыз.

- Ескерту – кескіш жүз өте өткір, пайдалану және тазалау кезінде абайлап ұстаңыз.
- Іске қоспас бұрын, бекітпенің орнына дұрыс бекітілуін тексеріңіз.
- **Бөлшекті ыдыс жуғышта жумаңыз.** Сода ерітіндісін ешқашан пайдалануға болмайды.
- Экрандарды көкөніс майымен сүртіп, түссізденуін/тоттануын болдырмау үшін май өткізбейтін қағазбен сүртіңіз.

Шырын сыққыш

- **Егер сүзгі, шырынсыққыш қақпағы немесе тостаған зақымдалған болса немесе оларда көзге көрінетін жарықтар болса, шырынсыққышты пайдаланбаңыз.**
- Сүзгі негізіндегі кескіш жүздер өте өткір, сүзгіні пайдалану және тазалау кезінде сақ болыңыз.
- Қақпақты алмас бұрын, өшіріп, сүзгі толық тоқтағанша күтіңіз.
- Тек бірге берілген итергішті пайдаланыңыз. Өткізгіш түтікке қолыңызды салмаңыз. Өткізгіш түтік құлпын ашпас бұрын, комбайннан ажыратып алыңыз.
- Осы бекітпені пайдалану кезінде артық діріл туса, жылдамдықты реттеңіз немесе комбайнды өшіріңіз және барабанды ажыратып алып, жеміс жұмсағынан тазартыңыз (шырын сыққыш жеміс жұмсағы дұрыс таралмаған кезде дірілдейді).

Шағын ұсақтағыш/ұнтағыш

- Өткір пышақтарынан ұстамаңыз. Пышақ жинағын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Ұнтағышты комбайннан алмас бұрын:
 - комбайнды өшіріңіз;
 - пышақтар толық тоқтағанша күтіңіз;
 - ыдысын пышақ жинағынан ажыратып алмаңыз.
- Ыдысы мен пышағын тек бірге берілген тұғырмен пайдаланыңыз.
- Ұнтағыш ыдысын орнатпай, пышақ блогын комбайнға орнатуға болмайды.

- Құрғақ куркума тамыры сияқты қатты дәмдеуіштерді өңдеуге болмайды, себебі олар пышақты зақымдауы мүмкін.

Тазалау

- Тазаламас бұрын құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.
- Тазаламас бұрын бекітпелерді толықтай бөлшектеп алыңыз.
- Оңай тазалау үшін, бөлшектерді пайдаланғаннан кейін бірден жуып тастаңыз.
- Сәбіз сияқты кейбір өнімдер пластик түсін өзгертуі мүмкін. Оны өсімдік майына батырылған шүберекпен сүртіп кетіруге болады.
- **Пышақтар мен кескіш дискілерді абайлап пайдаланыңыз – олар өте өткір.**

Қуат блогы

- Алдымен ылғал, содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Ешқашан абразивті заттар пайдаланбаңыз немесе суға батырмаңыз.
- Миксер негізінің табаны таза болуын қадағалаңыз.

Табақ

- Тот баспайтын болаттан жасалған табақты тазалау үшін сым қылшақты, темір қырғышты немесе ағартқышты пайдаланбаңыз. Қақты кетіру үшін сірке суын пайдаланыңыз.
- Жылу көздерінен (пеш беті, пеш, микротолқынды пеш) аулақ ұстаңыз.

Токқа қоспас бұрын

- Электр көзінің құрылғының төменгі жағында көрсетілгенмен бірдей екенін тексеріңіз.
- Бұл құрылғы тағаммен бірге қолданылатын материалдар мен заттар бойынша 1935/2004 ЕС ережесіне сай келеді.

Алғашқы рет қолдану алдында

- Бөлшектерді жуыңыз: ‘Тазалау’ бөлімін қараңыз.

Көрсеткіш

Асүй комбайны

- 1 **Орташа жылдамдықты жетек**
- 2 Орташа жылдамдықты жетек қақпағы
- 3 Жоғары жылдамдықты жетек қақпағы
- 4 **Жоғары жылдамдықты жетек**
- 5 Қуат блогы
- 8 Қосу/өшіру және жылдамдықты басқару тетігі
- 7 Табақ
- 8 **Құрал ұясы**
- 9 Миксер басы
- 10 Бастиекті босату иінтірегі
- 11 Шашыраудан қорғағыш қақпақ

Табақ құралдары

- 12 Езгіш
- 13 Алынбалы қорғағышы бар қамыр илегіш ілмек
- 14 Бұлғағыш

Бекітпелер

Аталған бекітпелердің барлығы бірдей асүй комбайнымен бірге берілмейді. Бекітпелер үлгі нұсқасына сәйкес болады.

Қосымша ақпарат алу немесе қаптамада бірге берілмеген қосымша бекітпелерге тапсырыс беру үшін Kenwood www.kenwoodworld.com веб-сайтын қараңыз.

- 15 Пластик блендер (AT282)
- 16 Шыны блендер (AT283)
- 17 Турағыш (AT284)
- 18 Цитрус шырынын сыққыш (AT284 қажет)
- 19 Тартқыш (AT281)
- 20 Шырын сыққыш (AT285)
- 21 Шағын ұсақтағыш/ұнтағыш (AT286)

Табақты және құралдарды пайдалану

A - F суреттерін қараңыз

- A** Бастиекті босатқыш иінтіректі басып, миксер басын ақырын көтеріңіз.
- B** Табақты бекітіп, құлыптау үшін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
- C** Таңдалған құралды құрал ұясына салыңыз, дұрыс бекітілген кезде “сырт” еткен дыбыс шығады.
- Тағам кіріп кетпес үшін, қамыр илегіш ілмекті жетекке орнатпас бұрын, қорғағыш қалқаншаның ілмек білігіне орнатылуын тексеріңіз.
- D** Бастиекті босату иінтірегін басып, бастиекті ақырын түсіріңіз. Қуат көзіне қосыңыз.
- E** Шашыраудан қорғағыш қақпақты табаққа кигізіп бекітіңіз.
- Араластыру кезінде өнімдерді табаққа астауша арқылы салуға болады
- F** Жылдамдықты басқару тетігін қажетті параметрге қойыңыз, жылдамдықты кенет арттыру үшін «импульс» (P) режимін пайдаланыңыз.

Араластырғаннан кейін, жылдамдықты реттеу тетігін «O» күйіне бұрап, қуат көзінен ажыратыңыз. Миксер басын көтеріп ұстап тұрып, құралды ұяшықтан шығарып алыңыз.

Пайдалы кеңестер.

Езгіш

- Тортқа май мен қанттан крем жасау кезінде, әрдайым бөлме температурасындағы майды пайдаланыңыз немесе оны алдын ала жұмсартыңыз.
- Қуат көзінен өшіріп, қажет болса, табақты қалақшамен тазалап алыңыз.
- Рецептте басқаша көрсетілмесе, қамырға салқын ингредиенттер қолданыңыз.

Қамыр илегіш ілмек

- Алдымен сұйықтық қоссаңыз, ингредиенттер қоспасын араластырып алған жөн.
- Комбайнды арасында тоқтатып, илегіш ілмекті қамырдан тазартып отырыңыз.

Ұн

- Әртүрлі қаптамадағы ұндар қажетті сұйықтық мөлшеріне қарай өзгешеленуі мүмкін. Қамырдың жабысқақтығы комбайнның жүктемесіне тікелей әсер етеді. Қамыр илеп жатқан кезде комбайнды қараусыз қалдырмаңыз.

Бұлғағыш

Маңызды

- **Бұлғағышты май мен қант сияқты ауыр қоспаларды араластыру үшін пайдаланбаңыз, бұлғағыш зақымдалуы мүмкін.**
- Жұмыртқа бөлме температурасында болған кезде, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.
- Жұмыртқа ағын көпіртпес бұрын, бұлғағышта немесе табақта май немесе жұмыртқа сарысы жоғына көз жеткізіңіз.
- Майонез – жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, май құйғаннан кейін табақты төмен қарай қырнап, 10 с жоғары жылдамдықпен араластырыңыз.

- Қамыр қоспалары – табаққа алдымен ұн салыңыз, содан кейін сұйықтық құйып, ингредиенттерді біріктіру үшін баяу жылдамдықпен араластырыңыз.

Электронды жылдамдық датчигін басқару тетігі

Миксер нанға қамыр илеген кездегі немесе кекс қамырына жұмыртқа қосқан кездегі сияқты әртүрлі жүктеме жағдайында жылдамдықты сақтау үшін, электронды жылдамдық датчигін басқару тетігімен жабдықталған.

Сондықтан миксер таңдалған жүктеме мен жылдамдықты реттейтіндіктен, жұмыс кезінде жылдамдықтағы тұрақсыздықты байқауыңыз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Маңызды ескертпелер:

- Белгіленген максималды шамадан асырмаңыз – комбайнға артық жүктеме түсіруіңіз мүмкін.
- **Нан қамыры сияқты ауыр қоспаларды араластыру кезінде миксер басының кейбір қозғалыстары қалыпты жағдай болып табылады.**
- Жұмыс барысында миксер басы көтеріліп кетсе, комбайн жұмысы тоқтамайды. Басын көтермес бұрын, әрдайым қуатты өшіріңіз.
- **Барлық ұяшық қақпағы дұрыс бекітілмейінше, комбайн дұрыс жұмыс істемейді.**
- Комбайнның ауыр жұмыс істеуін байқасаңыз, қуатын өшіріңіз немесе жылдамдықты арттырыңыз.
- Миксердің шашыраудың алдын алуға арналған «бірқалыпты бастау» функциясы бар. Дегенмен, комбайн табаққа нан қамыры сияқты ауыр қоспа

салынған күйде қосылса, миксер таңдалған жылдамдықпен жұмыс істегенге дейін бірнеше секунд өтетінін байқауыңыз мүмкін.

- Миксер басын көтермес бұрын, жетек ұяшығына орнатылған бекітпелерді алып тастаңыз.

Жетек ұяшықтарын пайдалану

Жоғары жылдамдықты жетек ④ бекітпелері

Жоғары жылдамдықты жетек ұяшығының қақпағын ③ көтеріп алып тастаңыз.

Орташа жылдамдықты жетек ұяшығының қақпағы орнында болуын тексеріңіз, әйтпесе құрылғы жұмыс істемейді.

Орташа жылдамдықты жетек ① бекітпелері

Орташа жылдамдықты жетек ұяшығының қақпағын ② көтеріп алып тастаңыз.

Жоғары жылдамдықты жетек ұяшығының қақпағы орнында болуын тексеріңіз, әйтпесе құрылғы жұмыс істемейді.

Бекітпелерді пайдалану

Әрбір бекітпенің сәйкес суреттерін және әрбір бекітпе бөлімінде берілген пайдалы кеңестерді қараңыз.

15 Пластик блендер

- a Пышақ блогы
- b Тығыздауыш сақина
- c Блендер ыдысы
- d Қалпақша
- e Қақпақ

16 Шыны блендер

- a Пышақ тұтқасы
- b Пышақ блогы
- c Тығыздауыш сақина
- d Блендер ыдысы
- e Қақпақ
- f Қалпақша

Блендерді 15 және 16 суретте көрсетілгендей құрастырыңыз

Ескертпе: тығыздауыш сақинаның дұрыс орнатылуын тексеріңіз, әйтпесе сұйықтық ағып кетеді.

Қақпақты бекіту

- 15 Пластик блендер – құлыптау үшін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
- 16 Шыны блендер – бекіту үшін төмен басыңыз.

Пайдалы кеңестер

Ыстық өнімдерді өңдеуге болмайды.

- Майонез жасаған кезде, блендерге майдан басқа ингредиенттерді салыңыз. Содан кейін, комбайнды қосып, қалпақшаны алыңыз және майды ақырын әрі бірқалыпты құйыңыз.
- Паштет және тұздықтар сияқты қою қоспаларды табақтың түбіне қырнап түсіру керек. Қоспаны араластыру ауыр болса, көбірек сұйықтық қосыңыз.
- Құрғақ ингредиенттерді араластыру үшін, бөлшектерге кесіңіз, қалпақшаны алыңыз, құрылғы қосулы күйде бөлшектерді бір-бірлеп салыңыз.

17 Турағыш

- a Шағын итергіш
- b Үлкен итергіш
- c Өткізгіш түтік
- d Қақпақ
- e Табақ
- f Жетек білігі
- g Пышақ блогы

Кескіш дискілер (бірге берілсе)

- h Жуандап турау/ұсақтау дискісі
- i Жіңішкелеп турау/ұсақтау дискісі
- j Өте жіңішкелеп ұсақтау дискісі
- k Жіңішкелеп ұзыншалап кесу дискісі
- l Стандартты кесу дискісі
- m Қатты жуандап кесу дискісі

Турағышты 17 суретте көрсетілгендей құрастырыңыз

- 1 Жетек білігін ұяшыққа орналастырыңыз.
- 2 Табақты тұтқасын жылдамдықты басқару тетігінің үстіне тұратындай етіп жетек білігінің үстіне орналастырып, сағат тілінің бағытымен құлыпталғанша бұраңыз.
- 3 Пышақ блогын, кескіш дискілердің бірін немесе цитрус шырынын сыққышты орнатыңыз. **Пышақ блогы немесе дискілердің кескіш бөлігі өте өткір, сондықтан абайлап пайдаланыңыз.**

Пайдалы кеңестер

- Етті, нанды және көкөністерді өңдемес бұрын 2 см текшелерге кесіңіз.
- Шөптерді таза әрі құрғақ күйде ұсақтаған жөн.
- Пышақ блогын пайдаланған кезде тым ұзақ айналдырмаңыз.
- Мұз текшелерін немесе дәмдеуіштер сияқты қатты өнімдерді ұсақтау үшін пышақ блогын пайдаланбаңыз, олар пышақты зақымдауы мүмкін.

- Бадам эссенциясын немесе хош иістендіргіш қосқан кезде пластикке тигізбеңіз, ластауы мүмкін.

Кескіш дискілер

- 1 Пайдалану қажет өткізгіш түтік түрін таңдаңыз. Итергіштің жеке бөлшектерді немесе жіңішке ингредиенттерді өңдеуге арналған шағын өткізгіш түтігі бар.
- 2 Өнімді өткізгіш түтікке салыңыз.
- 3 Қуатын іске қосып, итергішпен бірқалыпты басып отырыңыз – өткізгіш түтікке саусағыңызды салмаңыз.

Шағын өткізгіш түтікті пайдалану

– алдымен өткізгіш түтікке үлкен итергішті салыңыз.

Үлкен итергішті пайдалану – екі итергішті бірге пайдаланыңыз.

- Ыдысты кескіш дискіге дейін толтырмай, жүйелі түрде босатып отырыңыз.
- Ыдысты «МАКС» мөлшер шамасынан асырмаңыз.

Пайдалы кеңестер

- Екі жақты дискілерді пайдаланған кезде, қажетті кескіш беттің жоғары қаратылуын тексеріңіз.
- Балғын өнімдерді пайдаланыңыз.
- Өнімді тым майдалап кеспеңіз. Өңдеу кезінде өнім тұрып қалмас үшін, үлкен өткізгіш түтікті толтырыңыз немесе шағын өткізгіш түтікті пайдаланыңыз.
- Турау не ұсақтау кезінде: тігінен қойылған өнім көлденеңінен қойылған өнімге қарағанда әлдеқайда қысқа болып шығады.
- Пайдаланғаннан кейін кескіш дискіде немесе өнімде шағын көлемде қалдық қалады.

18 Цитрус шырынын

СЫҚҚЫШ

- a Конус
- b Тор

Ескертпе: Бұл бекітпені тек турағышпен бірге пайдалануға болады AT284.

Цитрус шырынын сыққышты

18 суретте көрсетілгендей

құрастырыңыз

- 1 Құлып тілшесінің табақ тұтқасына сырт етіп бекітілуін қадағалап, торды табаққа орналастырыңыз.
- 2 Конусты жетек білігіне толық түскенше бұрай отырып бекітіңіз.
- 3 Жемісті екіге бөліңіз. 3-жылдамдық көрсеткішін қосып, жемісті конусқа басыңыз.

Пайдалы кеңестер

- Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, жемісті бөлме температурасында ұстап, шырынын сығу алдында қолмен басып домалатыңыз.
- Шырынды жақсылап сығу үшін, жемісті басқа бүйіріне жылжытып отырыңыз.
- Көп көлемді шырын сыққан кезде, жеміс жұмсағы мен дәні толып қалмас үшін, торды жүйелі түрде тазалап отырыңыз.

19 Тартқыш

- a Сақиналы сомын
- b Торлар: орташа немесе ірі (үлгі нұсқасына байланысты)
- c Кескіш
- d Бұрама
- e Корпус
- f Науа
- g Итергіш

Тартқышты 19 суретте көрсетілгендей құрастырыңыз

- 1 Бұраманы корпусқа орналастырыңыз.
- 2 Кескішті орнатыңыз – кескіш беті сыртқа қаратылған күйі дұрыс орнатылуын тексеріңіз.
- 3 Торды орнатыңыз – тілшені керткіппен туралаңыз.
- 4 Сақиналы сомынды бос бекітіңіз.

Тартқышты пайдалану

- 1 Миксер басын көтеріңіз. Екі жетек ұяшығының қақпағы орнатылуын тексеріңіз.
- 2 Бекітпені суретте көрсетілген күйде орнатып, бұраманың шетіндегі жетек тілшелерін жетек ұяшығындағы ойықпен туралаңыз.
- 3 Бекітпені ұяшыққа салып, құлыпталғанша сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
- 4 Сақиналы сомынды қолмен бұраңыз.
- 5 Науаны орнатыңыз
- 6 Етті 2,5 см (1") жолақша етіп тураңыз.
- 7 Макс жылдамдықты таңдаңыз. Итергішпен өнімді бір-бірлеп өткізгішке ақырын итеріңіз.

Қатты баспаңыз-комбайнды зақымдауыңыз мүмкін.

Пайдалы кеңестер

- Тартқыштан өткізбес бұрын қатырылған өнімдерді ерітіңіз.
- Етті тартқыштан өткізбес бұрын, сүйек, тері т. б. алынғанын тексеріңіз.

20 Шырын сыққыш

- a Итергіш
- b Қақпақ
- c Қақпақты құлыптау тілшесі
- d Сүзгі
- e Жеміс жұмсағына арналған контейнер
- f Шырын шығарылатын жер (шүмек)
- g Негізгі блок
- h Жеміс жұмсағының контейнерін босату тетігі
- i Стақан
- j Стақан ұстағышы

Шырын сыққышты 20 суретте көрсетілгендей құрастырыңыз

- 1 Жеміс жұмсағының контейнерін негізгі блокқа қойып, сағат тілінің бағытымен құлыпталғанша бұраңыз. Дұрыс орнатылған кезде, жеміс шығарылатын жер жеміс жұмсағының контейнерін босататын тетік үстінде орналасуы керек.
- 2 Сүзгіні орнатып, қаттырақ басыңыз.
- 3 Жеміс контейнеріне қақпақты орнатыңыз – қақпақ тілшесіндегі көрсеткіні ▼ негізгі блоктағы белгімен I туралау үшін, сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
- 4 Стақан ұстағышын бекітпенің астыңғы жағына орналастырыңыз – ұстағыштағы көрсеткі ▲ жоғары қаратылып, шырын шығарылатын жермен туралануы керек.
- 5 Стақан ұстағышын ұстап тұрып, шүмекті комбайн бұрышымен туралаңыз да, бекітпені жетек ұяшығына орнатыңыз және сағат тілінің бағытымен құлыпталғанша бұраңыз.
- 6 Стақанды орнату үшін, ұстағышын шүмектен әрі айналдырып, стақанды ұстағышқа қойыңыз. Стақанды шырын

шығарылатын жердің астыңғы жағында орналасатындай етіп айналдырыңыз.

- 7 Өнімді өткізгіш түтігіне сыятындай етіп кесіңіз.
- 8 Макс жылдамдықты қосып, өнімді өткізгіш түтікке салыңыз.

Итергішпен төмен қарай ақырын басыңыз – өткізгіш түтікке қолыңызды салмаңыз.

Маңызды

- Шырын сыққыш дiрiлдей бастаса, өшiрiп, сүзгiнi жемiс жұмсағынан тазартыңыз. (Шырын сыққыш жемiс жұмсағы бiркелкi таралмаған кезде дiрiлдейдi).
- Кейбiр қатты өнiмдер бекiтпе жұмысын баяулатуы немесе тоқтатуы мүмкiн. Мұндай жағдайда, оны өшiрiп, сүзгi құлпын ашыңыз.
- Пайдалану кезiнде құрылғыны өшiрiп, жемiс жұмсағын және шырын контейнерiн жүйелi түрде босатып отырыңыз.

Пайдалы кеңестер

- Цитрус шырыны - жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, бөлек берілетін цитрус шырынын сыққышты пайдаланыңыз.
- Көбірек шырын алу үшін, жұмсақ өнімді баяу енгізіңіз.
- Жеміс сүйектерін (қараөрік, шабдалы, шие, т. б.) алып тастаңыз.
- Қатты қабықтарды (қауын, ананас, қияр, т. б.) алып тастаңыз.
- Жұмсақ қабықты және басқа өнімдерді тек жуу керек (алма, алмұрт, сәбіз, шпинат, жүзім, құлпынай, баддыркөк, т. б.)

Денсаулықты сақтау бойынша кеңестер

- Дәрумендерді сақтау үшін, шырынды мүмкіндігінше тез ішіңіз.
- Шырынды бірнеше сағат сақтау керек болса, оны тоңазытқышқа қойып, балғын күйде қалуы үшін бірнеше тамшы лимон шырынын тамызыңыз.
- Дағдыланбайынша, күніне 230 мл (8 унц.) үш стақаннан артық шырын ішпеңіз.
- Балаларға шырынды бірдей мөлшерде су қосып беріңіз.
- Қанық жасыл түсті (брокколи, шпинат, т. б.) немесе қанық қызыл түсті (қызылша, қызыл орамжапырақ, т. б.) көкөністерден алынатын шырын қатты қою болады, сондықтан оларға су қосыңыз.
- Жеміс шырынында фруктоза (жеміс қанты) көп болады, сондықтан диабетке шалдыққан немесе қандағы қант мөлшері төмен адамдар алкогольді сусынды тым көп ішуден аулақ болғаны жөн.

Шырын сыққышты бөлшектеу

Құрастыру процедурасын кері ретпен орындаңыз.

Жеміс жұмсағының контейнерін негізгі блоктан алу үшін, негізгі блоктағы босату тетігін басып, контейнерді сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз. Содан кейін көтеріп алыңыз.

Шырын шығысы (мұрыншасы)

- Мұрынша шығарып алып, тазалауға болатындай етіп жобаланған. Мұрыншаны шығарып алу үшін тартыңыз.
- Тазалап болғаннан кейін қайта орнату үшін мұрыншаны толықтай итеріңіз.

21 Шағын ұсақтағыш/

ҰНТАҒЫШ

- a Негіз
- b Пышақ блогы
- c Тығыздауыш сақина
- d Ыдысы

Ұнтағышты 21 суретте

көрсетілгендей құрастырыңыз

- 1 Ингредиенттерді ыдысқа салыңыз.
- 2 Тығыздауыш сақина пышақ блогына дұрыс орнатылуын қадағалаңыз. Тығыздауыш дұрыс орнатылмаса, сұйықтық ағып кетеді.
- 3 Пышақ блогын төңкеріңіз. Ыдысқа пышағын төмен қаратып салыңыз.
- 4 Негізді ыдысқа соңына дейін бұрап бекітіңіз.
- 5 Ұнтағышты ұяшыққа көрсеткісі комбайнның артқы жағына қарайтындай етіп орналастырыңыз. Дұрыс бекітілуі үшін ұнтағышты сағат тілінің бағытымен екі көрсеткі тураланғанша бұраңыз.
- 6 Максималды жылдамдықты қосыңыз.







Пайдалы кеңестер

- Пластик бөлшектерді зақымдауы мүмкін болғандықтан, дәмдеуіштерді еңдемеген жөн.
- Ыстық ингредиенттерді еңдемеңіз, еңдеу алдында суытыңыз.

Ұсынылатын пайдалану кестесі

Пайдаланылатын жұмыртқалар өлшемі = орташа (салмағы 53–63 г).











*** Бұл тек нұсқаулық үшін берілген және нақты рецепті мен өңделетін ингредиенттерге байланысты әртүрлі болады.**

Табақ құралы	Рецепт/процесс			 (Мин)	
	Сары май/маргарин және қант	Жеміс-жидек торты жалпы салмағы 1.8 кг (6 жұмыртқа қоспасы)	Min → Max	3 - 5	
	Кекс қамырына жұмыртқа көпірту		4 → Max	1 - 4	
	Ұн, жеміс, т. б. қосу		Min → 1	30 - 60 с	
	Кондитерлік өнімдер және печенье - Майды ұнмен езу	Ұн салмағы	450 г	Min → 2	2 - 3
	Барлығы бірге қосылған кекс қамыры	Жалпы салмағы	1,6 кг	Min → Max	45 - 60 с
	Нан	Ұн салмағы	500 г	Min ↓ 3	45 - 60 с
	Қамыр (қатты ашытылған)	Жалпы салмағы	805 г		5 - 7
	Жұмсақ ашытылған қамыр (май және жұмыртқа қосылған)	Ұн салмағы	500 г	Min ↓ 3	45 - 60 с
		Жалпы салмағы	960 г		5 - 7
	Жұмыртқа ағы	8	Min → Max	1½ - 3	
	Майсыз бисквит	620 г (6 жұмыртқа қоспасы)		4 - 6	
	Крем	250 - 600 мл	Min → Max	2 - 4	
	Майонез	Жұмыртқа сарысы	4	Max	1 - 2
	Құймақ Май	1 л	Min ↓ Max	10 с ↓ 45 - 50 с	

Ұсынылатын пайдалану кестесі

Пайдаланылатын жұмыртқалар өлшемі = орташа (салмағы 53-63 г).









* Бұл тек нұсқаулық үшін берілген және нақты рецепті мен өңделетін ингредиенттерге байланысты әртүрлі болады.

Табақ құралы/ Бекітпелер	Рецепт/процесс				 (Мин)
 	Салқын сұйықтықтар, сусындар және Смузилар	Пластик АТ282	1,5 л	Max	30 – 60 с
		Шыны АТ283	1,2 л		
	Сүт коктейлі/ Салқын сүт	Пластик АТ282	1,2 л	Max	15 – 30 с
		Шыны АТ283	800 мл		
Мұз текшелері		6 (125 г)	P	15 – 30 с	
 	Шикі ет және балық		400 г	3 → Max	15 - 20 с
	Пияз		250 г	P	5 - 10 с
	Печенье		100 - 250 г	Max	20 – 30 с
	Пісірме - майды ұнға салу. Нан ингредиенттерін біріктіру үшін су қосу		340 г Ұн салмағы	Max	10 с 10 – 20 с
	Барлығы бірге қосылған кекс қамыры	Жалпы салмағы	800 г	Min → Max	10 – 20 с
	Майонез	Жұмыртқа сарысы	3 - 4	Max	1 - 2
 	Ірімшік, сәбіз, картоп, орамжапырақ, кәді, қызылшаны, кесіп, ұсақтаңыз		Табақтағы Макс белгісінен асыруға болмайды.	Max	10 – 20 с
	Қияр және қызанақ сияқты жұмсақ өнімдерді кесіңіз			4 - Max	

Ұсынылатын пайдалану кестесі

Пайдаланылатын жұмыртқалар өлшемі = орташа (салмағы 53–63 г).

*** Бұл тек нұсқаулық үшін берілген және нақты рецепті мен өңделетін ингредиенттерге байланысты әртүрлі болады.**

Бекітпелер	Рецепт/процесс			 (Мин)
	Фриге арналған картоп пен салатқа, пісірмеге және тұздыққа арналған қатты өнімдер (мыс., сәбіз, тарна, кәді және қияр)	Табақтағы Макс белгісінен асыруға болмайды.	Max	10 – 20 с
	Сәбіз бен ірімшікті ұсақтаңыз		Max	
	Барлық цитрус жемісі	1 кг	3	2 – 3
	Ет, құс еті және балық.	-	Max	10
	Жеміс және көкөніс шырыны мыс., сәбіз, алма, ананас, қызанақ және жүзім.	500 г	Max	30 – 60 с
	Жұмсақ жемістер мен көкөністер мыс., қызанақ және жүзім	500 г	Max	
	Жаңғақ	50 г	Max	30 с
	Кофе дәндері	50 г	Max	30 с
	Салқын езбелер	50 г	Max	30 с
	Дәмдеуіш қосылған бал және жаңғақ маринады Бал (бөлме темп) Тұтас жержаңғағы бар жержаңғақ майы Шағын чили бұрышы	250 г 40 г 1	P	10 с

Тазалау бойынша нұсқаулар - тиісті **22**-суретке қараңыз

Қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңес

- Құрылғының жұмысында қандай да болмасын ақаулық туындайтын болса, көмек сұрамас бұрын, нұсқаулықтағы «Ақаулықтарды жою нұсқаулығы» бөлімін қараңыз немесе www.kenwoodworld.com торабына өтіңіз.
- Өнім өнімді сатып алған елдегі тұтынушы құқықтары мен кез келген бар кепілдемеге қатысты барлық заңдарға сәйкес кепілдемемен берілетінін ескеріңіз.
- Kenwood өнімі дұрыс жұмыс істемесе немесе қандай да болмасын кемшіліктер табылған болса, оны өкілетті KENWOOD қызмет көрсету орталығына әкеліңіз немесе беріп жіберіңіз. Ең жақын орналасқан KENWOOD қызмет көрсету орталығының жаңартылған деректерін www.kenwoodworld.com торабынан немесе еліңізге тән веб-тораптан қараңыз.
- Біріккен Корольдіктегі Kenwood компаниясы жобалаған және жасап шығарған.
- Қытайда жасалған.



ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖАБДЫҚТЫҢ ҚАЛДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЕУРОПАЛЫҚ (WEEE) ДИРЕКТИВАМЕН БІРГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨНІМДІ ДҰРЫС ТАСТАУҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТТЕР

Өз жұмысын тоқтатқан кезде, өнім қалалық қалдық сияқты пайдаға асырылмауы керек. Ол қалдықтарды сыныптайтын қызметті атқаратын жергілікті биліктің арнайы мекемесіне немесе осы қызметті беруші сатушының орталығына жіберілуі керек.

Күн коды туралы ақпарат сіздің өніміңіздің төменгі бөлігінде немесе кестенің іші мен жанында орналасуы мүмкін. Күн коды жыл, ай кодтарынан кейін апта нөмірі түрінде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ: Алғашқы екі сан жылға, ал соңғы екі сан апта санына қатысты болады.

Мысалы: 4-апта, қаңтар, 2020 = 20T04

Тастау шарттары	Экологиялық талаптарға сай тастау керек.
Тасымалдау шарттары	Тасымалдау кезінде лақтыруға және шамадан тыс дiрiлдеуге жол берiлмеу керек.
Сату шарттары	Сату шарттарын өндiрушi белгiлемейдi, бiрақ аймақтық, ұлттық және халықаралық ережелер мен стандарттарға сай болу керек.

Үлгі	TYPE KHC29
Кернеу	220 - 240В
Герц	50 - 60Гц
Ватт	1000 Вт
Сақтау шарттары	Температура: +5°C және +45°C аралығы Ылғалдылық: < 80%.
Сақтау мерзімі	Шектеусіз.
Қызмет көрсету мерзімі	2 жыл (тауарлардың арнайы түрлері үшін 5 жыл).

Өндiрушiнiң мекенжайы:
Kenwood Limited, New Lane, Havant,
Hampshire PO9 2NH, UK

Шағымдарды қабылдауға өкiлеттi ұйым және импорттаушы:
“Делонги” ААҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы, көше Суцевская
27 үй, 3 құрылым
Тел: +7 (495) 781-26-76

Ақаулықтарды жою нұсқаулығы

Ақаулық	Себебі	Шешімі
Құрылғы жұмыс кезінде тоқтап қалды	Қуат жоқ.	Құрылғының қуат көзіне қосылуын тексеріңіз.
	Комбайнға артық жүктеме түсті/ максималды жүктемеден асып кетті.	Жылдамдық қосқышын өшіру күйіне бұраңыз, бірнеше секунд күтіп, жылдамдықты қайта таңдаңыз. Құрылғы жұмысын бірден жалғастыруы керек. “Ұсынылатын пайдалану кестесінде” берілген максималды өнімділік қуатын қараңыз.
	Жетек ұяшығының қақпақтары бекітілмеген не құлыпталмаған.	Ұяшық қақпағы/-тары дұрыс бекітілуін тексеріңіз.
Орташа немесе жоғары жылдамдықты бекітпелер жұмыс істемейді.	Бекітпе орнатылмаған және дұрыс құлыпталған.	Бекітпенің дұрыс құлыпталуын тексеріңіз
	Басқа ұяшық қақпағы дұрыс бекітілуін тексеріңіз.	Басқа ұяшық қақпағы дұрыс орнатылуын тексеріңіз.
Жұмыс істейтін беттегі қозғалыстар	Құрылғының табаны ылғал немесе лас.	Табанының таза әрі құрғақ болуын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.
Блендер не ұнтағыштың пышақ блогынан сұйықтық ағады.	Тығыздауыш жоқ Тығыздауыш дұрыс орнатылмаған Тығыздауыш зақымдалған	Тығыздауыштың дұрыс орнатылуын және зақымдалмағанын тексеріңіз. Ауыстыратын тығыздауыш алу үшін «Сервис және тұтынушыға қызмет көрсету» бөлімін қараңыз.
Құралдардың/ бекітпелердің нашар жұмыс істеуі	“Бекітпелерді пайдалану” бөліміндегі сәйкес кеңестерді қараңыз. Бекітпелердің дұрыс құрастырылуын тексеріңіз.	

Kenwood Ltd

New Lane
Havant
Hampshire
PO9 2NH

kenwoodworld.com

